Астана халықаралық көрме өткізуден үмітті

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Өмірзақ Шөкеев Халықаралық көрмелер бюросының (ХКБ) бас хатшысы Висенте Гонсалес Лоссорталеспен кездесті, деп хабарлады Премьер-Министрдің баспасөз қызметі.

Кездесу барысында Астана қаласында ЕХРО-2017 халықаралық көрмесін өткізу мәселелері талқыланды.

Ө.Шөкеев мұндай кең ауқымды шараның Қазақстан астанасында өткізілуі беделді көтеруге ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар, Астана қаласының әрі қарай қарқынды дамуын қамтамасыз ететініне тоқталды. Бірінші вице-премьер Астана қаласындағы ЕХРО-2017 нысандарының құрылысына инвестиция тарту, сондай-ақ, ХКБ тарапынан қаржыландыру Қазақстан астанасына орталықазия аймағында ғана емес, бүкіл ТМД-да озық көрме алаңына айналуға мүмкіндік беретінін айтты.

Әлемдік дәрежедегі шараның өткізілуі қаланың инфрақұрылымын дамытып, көрме нысандарының құрылысы мен оларға қызмет көрсетуде мыңдаған жаңа жұмыс орнын ашуға, шетелдік туристердің қызығушылығын арттыруға ықпал ететіні атап өтілді.

Ө.Шөкеев Қазақстанның Шанхай қаласында өтетін ЕХРО-2010 көрмесіне қатысуға, сондай-ақ, Астана қаласында 2017 жылы халықаралық көрмені өткізуге қызығушылық танытып отырғанын айта келе, оны ең жоғары деңгейде өткізуге қатысты барлық мәселелердің шешілетініне сенім білдірді.

Өз кезегінде Висенте Гонсалес Лоссорталес Астана қаласының даму қарқынын жоғары бағалап, ЕХРО-2017 көрмесін өткізу құқығын алуға Қазақстанның толық мүмкіншілігі бар екенін атап өтті. Ол, сонымен қатар, аталған мәселе ХКБ-да жан-жақты қаралатынын айтты.

Халық сенімінің көрінісі

Лөйла ЕДІЛҚЫЗЫ,
"Егемен Қазақстан".

Кеше "Нұр Отан" ХДП Орталық аппаратында партияның қоғамдық қабылдау бөлімдерінің жұмыс жүргізу барысына арналған арнайы брифинг ұйымдастырылды.

Онда сөз алған билік партиясына қарасты қоғамдық қабылдау бөлімінің меңгерушісі Александр Житников "Нұр Отанның" арнайы бекіткен жоспарына сәйкес, Мәжіліс депутаттарының 912 қабылдау өткізгендігін айтты. Оның сөзіне қарағанда, өткен жылы партияның Орталық аппаратының қабылдау бөліміне 42 мың 700 өтініш-арыз түссе, биылғы жылдың қаңтар және ақпан айларында қабылдау бөлімінің қоржыны 8 мың 769 арыз-шағымға толыққан екен. Солардың ішіндегі 635 жазбаша арыздың басым бөлігі Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан өңірлерінен келіп түскен. Бұған қоса, қоғамдық қабылдау бөлімдеріне келген 120 адамға өз өтініштерінің мазмұнына сәйкес кеңес берілген.

Брифинг барысында белгілі болғанындай, тұрғындар өтініштерінің ұзын-ырғасы көп жағдайда ипотекалық несие, тұрғын үй, соттың кейбір шешімдерімен келіспеу, жұмыссыздық мәселелері төңірегінде өрбиді екен. А.Житниковтің сөзіне сүйенсек, өткен жылмен салыстырғанда биылғы жылы жұмысқа орналасу, кіріс көздерінің төмендеуіне байланысты несиелік төлемдерді төлеу кезінде кездесетін қиындықтарды оңтайландыруға бағыт-бағдар беру тұрғысындағы өтініштердің саны көбейген. Партия мүшелерінің айтуларынша, бүгінде бұл өтініш-шағымдардың 80 пайызға жуығы тиісті құзырлы әрі өкілетті органдардың қарауына жіберілген.

Брифинг кезінде, сондай-ақ, студент жастарды партияның қоғамдық қабылдау бөлімінің жұмысына тарту мәселесі де айтылды. "Біздің ойымызша, мұндай жұмыстарға тек жастар бірлестіктерінің белсенді қыз-жігіттері ғана емес, заң және психологиялық мамандықтарды меңгеріп жатқан студенттер де атсалысулары керек. Бұл ретте жастар мемлекеттік органдармен, жергілікті билікпен тікелей қарым-қатынас орнатып, сол арқылы халықпен қалай жұмыс істеу керектігі жөнінде үлкен тәжірибе жинақтар еді. Бір сөзбен айтқанда, бұл жастардың қоғамдық мәселелермен бетпе-бет келуіне берілген үлкен мүмкіндік", — деді өз сөзінде А. Житников.

Қазіргі таңда билік партиясы бұл мәселені оңтайландыру мақсатында еліміздің жоғары оқу орындарымен келіссөз жүргізіп жатыр екен. Егер бұл жоба жүзеге асса, партияға қарасты 220 қоғамдық қабылдаудың әр бөлімінде 3 жас қызмет ететін болады.

Меморандум білім саласын дағдарыстан қорғайды

Нәзира ЖӘРІМБЕТОВА,
"Егемен Қазақстан".

Қостанай облысының прокуратурасы, облыс әкімдігі, "Нұр Отан" ХДП облыстық филиалы және облыстық білім басқармасы мен жетекші жоғары оқу орындары арасында меморандумға қол қойылды. Прокуратура, билік және оқу орындарының ынтымақтастығы студенттердің сапалы білім алуын, оқу орындарындағы білім беру үдерісінің тұрақтылығын қамтамасыз етуді мақсат тұтты. Онда оқушылар мен студенттердің, мемлекет пен білім беру мекемелерінің мүддесі қорғалады. Халықтың барлық деңгейі үшін білім алуға қол жеткізу де меморандум қойған мақсаттың бірі.

Меморандумда "Тараптар Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңнамасын жүзеге асыру және саланы одан әрі дамыту үшін іс-шаралар жүргізеді, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуына практикалық көмек көрсетеді" делінген. Мұның дағдарыс кезінде үлкен маңызы бар. Өйткені, қазір студенттердің біразы білім ордаларында ақылы оқиды. Бұл құжатта оқушылардың берешегі туындаған сәттен бастап, оны төлеп болғанша олардың оқуын үзбеуіне жағдай жасалуы керектігі міндеттелді.

— Студенттерді үлгеріміне байланысты оқудан шығару мен ақысын төлей алмағандықтан оларға білім ордасының есігін жабудың арасында аспан мен жердей айырмашылық бар екенін түсінуіміз керек,— деді осы меморандумның қол қою рәсіміне қатысқан сенатор Хұсайын Валеев.

— Меморандум тек оқушылар ғана емес, оқытушылардың да мүддесін қорғайтын болады,— деді Қостанай педагогика институтының ректоры, ректорлар кеңесінің төрағасы Қуат Баймырзаев.

Меморандум білім саласындағы дағдарысқа қарсы жүргізілетін шаралардың бірі болмақ. Ол сондықтан үш жылға бекітілді.

ҚОСТАНАЙ

ҮЗДІК ҰСТАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Сатыбалды СӘУІРБАЙ,
"Егемен Қазақстан".

Ақтөбе облысында 2008-2009 оқу жылында алғаш рет қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда жоғары нәтижеге қол жеткізген үздік мұғалімдерге материалдық ынталандыру гранттарын тағайындау жөнінде конкурс жарияланған болатын. Конкурстың негізгі мақсаты — мемлекеттік тілді оқыту сапасын арттыру, оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетінен жоғары деңгейде білім алуын қамтамасыз ету, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне мемлекеттік қолдау көрсету және олардың мәртебесін көтеру. Конкурс қазақ және орыс мектебіндегі қазақ тілі мұғалімдері арасында өткізіліп, оған 40 ұстаз қатысты. Жақында осы конкурстың қорытындысы шығарылып, грант иегерлері мен жүлдегерлерді марапаттау рәсімі болды.

Қазақ тілінде оқытатын мектептер арасында Хромтау ауданындағы №5 мектеп гимназиясының ұстазы Торғын Жанұзақова, ал орыс тілінде оқытатын мектептер арасында осы аудандағы №1 мектептің ұстазы Салтанат Оразбаева грант иегерлері атанып, I дәрежелі дипломмен марапатталды. Енді олар жыл бойы ай сайын 100 мың теңге көтермелеу сыйлығын алып тұратын болады. Жеңімпаз мұғалімдерге "Қазақ тілі мен әдебиетінің үздік мұғалімі" атағы беріліп, біліктілік санаттары бір сатыға жоғарылатылды. Олар жылына бір рет республика аумағына шығармашылық іссапарға тегін жіберіледі, істәжірибелері таратылады. Екінші орын алған мұғалімдерге II дәрежелі диплом мен 280 мың теңге, ал үшінші орын алған ұстаздарға III дәрежелі диплом мен 200 мың теңге сыйлық тапсырылды. Сондай-ақ білім басқармасының Алғыс хатын алғандар 85-100 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлыққа ие болды.

Бұл конкурс алда да жалғасын табады.

Ақтөбе облысы.

● *Тағзым*

ЖАЗУШЫ МҰРАТЫ

Қадыр МЫРЗА ӘЛИ.

Өмір — шырғалаң. Шырғалаң болғанда қандай! Басың шыр айналады! Қиындықпен қайтып оралған қымбат өмір, сол қиындықтан сытылып шыға алмай басымызды тауға да ұрып, тасқа да ұрып, коллективтендіру деген пәледен қияметке ұрынып, колхоздастыру деген нәубетке шырмалып, негізінен қолдан жасаған аштыққа ұшырап, біразы жер аударылып, біреулері көрші елдерге көшіп, енді-енді есімізді жинадық-ау деген кезде "халық жауы" атты ұлы қасірет кеңірдегімізден алып, іле-шала Ұлы Отан соғысы келіп килікті. Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сабыр Шәріпов сияқты асыл азаматтарымыздың орны үңірейіп, ойсыраудай ойсырап қалды. Ұлы алыптардың орны оңайлықпен тола қоюшы ма еді?! Оның өзіне ондаған жылдар керек-ті. Уақыт дейтін уақыт та болған жоқ... Ұлы әдебиеттен, үлкен әдебиеттен үміткер жастарды жаңа басталған Ұлы Отан соғысына, қанды қасапқа тоғытып кеп жіберді. Жұмағали Саин, Әбу Сәрсенбаев, Қалижан Бекхожин, Қасым Аманжолов, Хамит Ерғалиев, Сағынғали Сейітов, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Жәрдем Тілеков, Әзілхан Нұршайықов, Мұзафар Әлімбаев, Тахауи Ахтанов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Әди Шәріпов, Қалмұқан Исабаев және де басқа жастарымыз, әдебиет керуенін болашаққа алып баратын қара нарларымыз көздері мөлдіреп майданға аттанды. Ішінде Мәлік Ғабдуллин, Хасен Әдібаев, Кемел Тоқаев тәрізді солардың өкшесін басып жүрген тағы да біраз жастарымыз болды.

Мемлекеттік университетті бітірер-бітірместен жаңа ғана ашылған "Балдырған" журналына жұмысқа орналастым. Көп кешікпей "Жұлдыз" журналына ауыстым. Одан кейін "Жазушы" баспасында жұмыс істеуге тура келді. Осы кездерде мен біраз қаламдас ағаларыммен, інілеріммен таныстым. Менің азамат болып қалыптасуыма осы істеген жұмыстарым, тату-тәтті өткен жылдарым көп көмектесті. Ең бастысы — алдымен жақсы адамдармен жақындастым. Жұмыс істеп үйрендім. Өрісім кеңіді. Көп ағайынмен істес болдым. Соның бірі — Кемел Тоқаев. Өте биязы, өте жұғымды, кім-кіммен де тез тіл табысып кете алатын алды кең азамат екен. Біз бірден ағалы-інілі жандардай болып пікрлес, ниеттес, әріптестерге айналдық. Кемел ағамыз ол кезде "Түнде атылған ақ", "Арнаулы тапсырма", "Сарғабанда болған оқиға", "Солдат ағыска кетті", "Таңбалы алтын", "Соңғы соққы", "Ұясынан безген құс" тәрізді толып жатқан туындылардың авторы. 1980-1984 жылдары Жазушылар одағында әдеби кеңесші болып істеді. Лап етіп жанып, жалп етіп өшетін күйгелек жанға ұқсамайды. Өз бағасын өзі жақсы білетін салмақты да сабырлы жан екеніне жылдам көзім жетті. Жаңылмаппын, ақыры солай болып шықты.

Біріміз аға, біріміз іні іспетті. Бірақ ол әскерде болған. От пен су кешкен. Әбден ысылған. Тәжірибелі азамат. Көпті көріп, көпті біліп, ақыл-ойы толыскан салиқалы азамат. Өнер адамы. Дәлірек айтсам, бірнеше кітаптың авторы, жазушы. Мен болсам, бар болғаны балалық, мектеп, университет, студенттік кезең, журнал редакциясы... Көркем әдебиетке төте жолмен келген жас ақын. Бірақ біраз кітабын шығарып та үлгерген, белгілі дәрежеде тәжірибелі қаламгермін. Байқаймын, тәрбиеміз, мінезіміз ұқсас, тіптен көптен таныс, керек десеңіз, әбден сырлас адамдардай, жатырқамай жақындасып кеттік.

Ұлы Отан соғысы ұлы жеңіспен аяқталды. Бейбіт тіршілікті, қағаз бен қаламын аңсаудай-ақ аңсап келген жас күш, дарынды топ оралған бойда ойсыраған ортаны толтырып, ел алдындағы, бейбіт тіршілік алдындағы азаматтық борыштарын ақтауға кірісті. Қанды майданның қақ алдында жүрген нағыз жауынгерлер, халық қаһарманы Мәлік Ғабдуллин "Менің майдандастарым", "Алтын жұлдыз", "Майдан очерктері", "Ер намысы — ел намысы", "Сұрапыл жылдар" кітаптарын, Бауыржан Момышұлы "Наш генерал", "Жонарка", "Наша семья" тәрізді тамаша туындыларын жарыққа шығарды. Тахауи Ахтановтың "Қаһарлы күндері", Әбдіжәміл Нұрпейісовтің "Құрляндиясы", кейін бұл "Күткен күн" деген атпен қайта жазылды, Сәуірбек Бақбергеновтің "Қарға тамған қан", "Талғат" повестері, Қасым Қайсенов, Әди Шәріпов, Өтебай Қанахиннің әңгіме-повестері жарық көрді. Қай кезде, қай кезеңде болмасын, аянбай еңбек еткен, өз әдебиеті, өз өнерлері үшін бар ғұмырын арнаған қарапайым қажырлы қаламгерлерді марқұм Мұхтар Әуезов "Еңбек торылары" деп атаған-ды. Міне, дәл осындай талмай еңбек еткен еңбек торыларының бірі дарынды топтың қақ ортасында жүрген Кемел Тоқаев ағамыз болатын. Бұл ойланбай айтылған сөз, берілі салған жәй баға ғана емес. Марқұм Кемел Тоқаев Отан соғысының бірінші және екінші дәрежелі ордендерімен, басқа да көптеген медальдармен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамоталарымен және омырауға тағатын арнаулы белгілермен наградталған. Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі Совет милициясы мен чекистерге арналған таңдаулы туындыларға бәйге жариялағанда Кемел ағамыз 1956, 1972, 1977, 1980 жылдары бірінші бәйге алып, төрт мәрте лауреат болған-ды.

Батыл айтуға болады, жас жазушылар ғана емес, қалыптасқан тәжірибелі жазушылар үшін де үлкен жетістік және әдеби қуаныш. Әдеби мойындау. Мұндай шұғылалы сәттер өнер адамында күн сайын болып жатпайды. Сенім үстіне сенім қосады. Қаламгерді құлшындырады. Жеңілдіреді. Жоғарыда айттым, Кемел ағамыз өте сабырлы, өте ұстамды адам болатын. Алыпұшып қуана қоймаған секілді. Бұрынғы қалпында, ырғағынан жаңылмай, жорғасын бұзбай жұмысын істей береді. Маған Кемекеңнің осы бір ұстамдылығы, еңбеккерлігі қатты ұнайтын.

Адамзатты жамандасаң — адамды, адамды жамандасаң — өзіңнің жамандығыңды мойындағаның. Бірақ, өкінішке орай, адамның аты адам, шынын айтқанда адам деп жүргеніміз — пенде. Жеме-жемге келгенде адамдығын пенделігі жеңеді. Тіпті, ең мықты деп жүрген, іштей сыйлап жүрген ағайынның өзінен көңілің қалады. Сөзіміздің растығын дәлелдеу үшін біраз мысал келтіруге болар еді, тәуекелім бармайды, тәрбием де жібермейді. Өздерімізді қоя тұрып, өзге әдеби ортадан мысал келтірген жөн тәрізді.

Александр Твардовскийді өткен ғасырдағы ең мықты орыс ақыны деп есептеймін. Солайы солай. Ол — мыңдаған орыс оқырманының сүйікті ақыны. Сөйте тұра сол алып ақынның да пенделігін байқап қалғанбыз.

Борис Пастернакты ақын емес деген адамның аузы қисайып кетер еді. Бірақ Александр Твардовский өте күрделі азамат болатын. Менің байқауымша, ол тірі ақындардан тек Михаил Исаковскийді қалтқысыз мойындайтын, тек соны жақсы көретін, Советтік поэзияның ауыр жүгін көтерген Маяковскийді, Кирсановты, Сельвинскийді, тіпті қалың орыс қауымы сүйіп оқыған сол дәуірдің мәшһүр ақыны Эдуард Багрицкийді өзін ұнатпайтын. Солардың қатарына Борис Пастернакты да қосатын. Олардың өлеңдерін жариялamайтын. Өлеңдерін дейміз-ау, Борис Пастернактың "Доктор Живагосын" "Новый мир" журналына жариялаудан бас тартып, бас тартып қана қоймай, ол романға деген қарсылығын білдіріп, ашық хат жазды. Сол хат арқылы басқа журналдардың да жолын кесіп тастады. Ұлы адамдардың бойында да қызғаныш сезімі бықсып жанып жатады-ау деймін. Тап осы жолы Твардовский өзінің ұлы беделімен Борис Пастернакқа қатты зиянын тигізді. Әйелдердің тілімен айтқанда, "тұқымын құрғыр қызғаныш!" өлі-тіріге қарамайды. Лев Толстой өзінің замандасы, отандасы Достоевский жетпегендей, жарты ғасыр бойы үзбей оқып, үзбей көріп жүрген Бернард Шоудың түгін қалдырмай очерк жазды. Мақаланың аяғында "...Я думаю, что чем скорее освободиться от ложного восхваления Шекспира, тем это будет лучше... Люди освободившись от этого гипноза поймут, что ничтожные безнравственные произведения Шекспира и его подражателей, имеющие целью только развлечения, забавы, зрителей никак не могут быть учителями жизни..."

Әр әдебиеттің қасіреті өзіне жетеді. Бірақ басқалармен салыстырғанда қазақ әдебиетінің мұңы басым ба деп қаламын. Шамамен, отызыншы жылдардың басында күрт көтерілген біздің өнеріміз. Әсіресе әдебиетіміз отызыншы жылдардың аяғында, ашық айтқанда, апатқа ұшырады. Болашақ алыптарымыз Пушкин жырындағындай "Сонау Сібір түкпіріне" жер аударылды. Айдалғандар айдалды... Айдатып жібергендерден не күтуге болады?! Социализмді мадақтағандар ғана аман қалды. Осындай бір қасіретті өткізер-өткізбестен Ұлы Отан соғысы басталды. Қалғандарын сыпырып сонда апарып салды. Құдайға шүкір, қанды майданнан аман-сау оралғандардың арқасында, біраз ғана уақыт ішінде қазақ әдебиеті қалпына келді. "Игіліктің ерте-кеші жоқ" дегендей, айдалып кеткендердің де елге оралып, есіміз кіріп қалды. Сол кездері "жылымық" аталған аз ғана уақыт әдебиетке жап-жақсы жол ашқандай болды. Бірақ бұл қызығымызды өзі ұзаққа бармады. Суслов деген сұрқай кардинал тізгінді тежемесе болмас деп шешті. Борис Пастернак, Александр Солженицын, Синявский, Иосиф Бродскийдің кітаптарына тыйым салып, олардың біразы шетелге кетуге мәжбүр болды. Елінде, туған жерінде таптаған әділдікті Александр Солженицын мен Иосиф Бродский жат жерден тапты. Рас, біраз жылдардан кейін Солженицын Отанына қайтып оралды. "Ештен кеш жақсы" дегендей ғұмырының соңғы жылдарында ел құрметіне бөленді. Ал Иосиф Бродскийге туған жердің топырағы буйырмады. Ол өзінің тілшілерге берген сұхбаттарында "қалған ғұмырымды Италияда өткізгім келеді" деген еді. Онысы да іске асқан жоқ. Жазар болсақ, бұл жөнінде бірақ нәрсе айтуға болады. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Бердібек Соқпақбаевтың өмірін де жетіскен өмір деуге болмайды. Ол өзінің саяжайында асылып өлген тәрізді. Өз басым оған сенбеймін. Дарда асылып тұрғаны рас. Бірақ асылудың тарихы белгісіз.

Дүниежүзілік әдебиеттің тарихына үңілер болсақ, өкінішке орай, бақытты болған, ең бастысы, мен бақыттымын деп ырза боп өткен дарын иесін естіген жоқпын. Оларды, әрине, ақын бол, жазушы бол деп ешкім зорлаған жоқ. Кім болу әркімнің өз еркіндегі шаруа. Дарын деген, талант деген ерекше қасиетті алып жүрудің өзі өте ауыр. Ал сұрап алған ауруға ем жоқ. Сондай бір сұрап алған аурудың иесі Қасым Аманжолов. Баласына арнап жазған бір өлеңінде барлық мамандықты айтып келіп, аяғында "Ақын болма бірақ та!" деп түйеді. Француз әдебиетінің көрнекті классигі Стендаль көзінің тірісінде қоғам құрметіне бөлене қоймаған. Оқырмандары да көп бола қоймаған сияқты. "Оқасы жоқ. Мені бір ғасырдан кейін жабыла оқитын болады!" деп сәуегейлік сөз айтқан. Абырой болғанда, бір ғасыр тола-толмастан Стендаль өте көп оқылатын сүйікті де сүйікімді авторлардың біріне айналды. Ғажап! Жасыратыны жоқ, өнер иелерінің, әсіресе, жазушылардың басым көпшілігі алда бәрі жақсарады деп ойлайды. Бірақ ол болжам. Ол арман, ол сәуейілік орындала бермейді.

Елу миллион халқы бар ел қалай ойласа, солай ойласын, біздің көп нәрсеге мүмкіндігіміз жоқ. Ат төбеліндей аз ұлттар несіне сенеді?! Аз дегенде бес, алты миллион халқы бар татар халқының ұлы перзенті Ғабдолла Тоқайдың өзі "Әттең, милләтім татар, әйтпесе Пушкинмен тұрар ем қатар!" деп қамыққан!

Есімде бар, Мұхтар Әуезов сияқты әулиеміз дүние салғанда отыздың ар жақ-бер жағында екем. Сол қаралы күндерде "Аз халықтың ұлына ұлы болмай болмайды!" деп жазған едім. Сөйтсек, ұлы болу да аз екен. Ұлы адам алдымен төзімді болуы керек екен ғой!

Не көрмеді демекші, "Слово об отце" ("Әке туралы толғау") кітабында Қасым-Жомарт Тоқаев әкесінің де, атасының да бастан кешкен ауыр тірлігін, аянышты хал-ахуалдарын әдемілеп айта білген. "По вечерам со слезами на глазах он сидел рядом с парализованной женой, пытаясь хоть как-то утешать ее, жалостливо разглядывая своих детей, словно предчувствуя надвигающую трагедию. И она не обошла их дом. Это случилось в 1933 году.

Тот год был особенно тяжелым, люди продолжали голодать, ежедневно умирали сотнями тысяч.

В один из дней дед, как всегда работал в хозяйском доме, после чего решил пойти на городской базар, чтобы обменивать на хлеб полученные за работу старые хозяйские сапоги... По пути в город их настиг милицейский патруль, останавливавший беспризорных детей. Приняв двух плохо одетых мальчиков за сирот, милиционеры задержали их и силком пасадили в телегу. На детские крики и заверения о том, что они не беспризорники, что у них есть родители, милиционеры не обращали никакого внимания... Так мой отец оказался сиротой при еще живых родителях, которым оставалось жить совсем надолго.

Как я уже писал, в тот трагический день в доме оставалась бабушка со своей маленькой дочерью. Сестренка отца играла у печки, греясь от сильного холода. В какой-то момент она оступилась и оказалась в огне той самой злополучной печки. Парализованная мать ничем не могла помочь ребенку, оставалось с ужасом наблюдать как родное дитя медленно сгорает в огне. Через несколько минут она тоже умерла от пережитого ужаса.

В ту же ночь дед покинул хозяйский дом и больше его не видел никто. Он исчез бесследно..."

Осы үзінділерге қарап Тоқаевтар отбасында қандай қиын да қасіретті кездер өткенін анық сезінесің. Ауыр. Өте ауыр! Соның бәрін көріп өскен Кемел Тоқаев қандай болмақ?! Ол, менің байқауымша, өте төзімді, сондай шыдамды, сондай шүкіршіл және кеңпейіл адам болатын. Баласы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жазуына қарағанда "Он был невероятно усидчив и трудолюбив". Менің ойымша жазушы үшін бұдан артық анықтаманың керегі жоқ. Дәл осы қазір есімде жоқ. Әйгеуір бір ұлы жазушы, данышпандардың бірі болуы керек, "Жазушы болу үшін бір пайыз дарын, тоқсан тоғыз пайыз еңбеккерлік керек" деген екен. Осы сөзге өз басым қалтқысыз қосыламын. Бір пайыз дарын аздау шығар. Бірақ, негізінен, дұрыс пікір. Кемел Тоқаевтың қандай жазушы екені баршаға мәлім. Өз басым марқұмның әдеби абыройы өсе түспесе, биіктей түспесе, төмендемейді деп үмітпен қараймын.

Әскери сала тәртіпті қалайды

Осыдан он жеті жыл бұрын еліміздің әскери прокуратура органдары құрылды. Нақтырақ айтқанда, 1992 жылдың ақпанында Бас прокуратураның құрамында әскери прокуратуралар басқармасы ашылып, кейінірек ол (1996 жылы) Бас әскери прокуратура болып аталды. Сол кезде Қазақстанның егемендік алуы әскери прокуратура органдарының дамуына жаңа серпіліс берді. Міне, содан бастап Қазақстан Республикасының әскери прокуратура органдары өзінің жаңа тарихи жолын бастады, дейді әскери прокуратураның өткені, оның қалану жолдары мен қазіргі жай-күйі жөнінде мәлімет берген Бас әскери прокурор, әділет генерал-лейтенанты Айтмұхамет Төлеуханов.

Александр ТАСБОЛАТОВ,
"Егемен Қазақстан".

Оның айтуына қарағанда, тәуелсіз республиканың мемлекет болып қалыптасуы тұсында болашақ экономика іргесінің қалануы, ұлттық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін және мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайту әскери прокурорлар қызметінің негізгі бағыттарын анықтап берді. Бұл — әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қорғаныс қажетіне бөлінген бюджеттік қаражаттың мақсатты және ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету, қару-жарақ пен оқ-дәрілердің сақталу мәселелері болып табылады. Өтпелі кезең жағдайында, әскери бөлімдерде әлімжеттіктің шарықтап, мемлекеттік мүліктерді ұрлау етек алған тұста, ал басқа республикалардан шақырылған жауынгерлердің жаппай әскери бөлімді тастап кетуі көбейген уақытта, әскери прокурорларға бірінші кезекте қатаң жарғылық тәртіп орнату және әскери техникалар мен басқа мүліктерді талан-таражға салуға жол бермеу міндеттері қойылды. Сол кезде, көпшілікке танымал бірқатар істер тергеліп, әскери соттарда ірі шенеуніктерге қатысты айыптау үкімдері жарияланды. Мәселен, Қорғаныс министрлігі басқармаларының генерал шеніндегі бір басшысы шетелге заңсыз қаружарақ жеткізуді ұйымдастырғаны үшін тиісті жазасын алды.

Соңғы жылдары ел экономикасының көтерілуі мен Қазақстан халқы әл-ауқатының біршама жақсаруы Қарулы Күштер ахуалына, оны реформалауға оңды әсер етті. Алғаш рет ТМД елдерінің тәжірибесінде Қазақстанның әскери прокурорлары "Әскери полиция туралы" заңның жобасын әзірледі және қазіргі таңда осы заң арқылы әскери анықтаушылар өздерінің қызметін бөлім командирлерінен тәуелсіз жағдайда жүзеге асырады. Сөйтіп, соңғы алты жылда әскердегі қылмыстың деңгейі 75 пайызға азайды. Жалпы әскери қызметшілердің денсаулықтары мен өмірлерін сақтау қашанда бірінші кезектегі маңызды міндет болып қала бермек. Осыған орай барлық әскери прокурорлар елінің алдында қасиетті борышын өтеп жүрген жауынгердің үйіне аман-есен оралуын қамтамасыз етуге тиіс. Олар үшін аналардың қайғыға батқандығы емес, ұлдарын мақтан тұтып, жүздерінде тек қуаныш ұялағаны керек. Осы мәселені нәтижелі шешудің ең дұрыс жолы азаматтарды әскери қызметке шақыру сәтінен бастап заң талаптарын қатаң сақтау.

Алайда, прокурорлық тексеру жауынгерлердің әр түрлі аурудың жабық түрлерімен, оның ішінде туберкулез және адамның иммундық тапшылық вирусы сияқты қауіпті жұқпалы ауруларға шалдыққандарын ашып және олардың көпшілігі аталған дертті әскерге дейін жұқтырғандықтарын анықтады. Қадағалау органдарының тікелей араласуы мен Бас әскери прокуратура алқасында осы мәселені жіті талқылаудың нәтижесінде медициналық шақыру комиссия жұмысы түпкілікті қайта қаралып, оған жол берген кінәлі тұлғалар қатаң жауапкершілікке тартылды. Қолданылған шаралар әскерге негізсіз шақыру жағдайларын болдырмауға мүмкіндік берді. Сөйтіп, туберкулез және басқа ішек жұқпалы ауруларының тұтану орны болған мекемелер мен әскери бөлімдердегі әскери қызметшілердің қаза табулары мен жарақат алуына қарсы күреске ерекше деп қойылды. Талдау көрсеткендей, бұл әскерлердің қанағаттанарлықсыз санитарлық-эпидемиологиялық ахуалында жатыр, егер де тереңірек үңілетін болсақ, әскери бөлімдердің лауазымдық тұлғалары тарапынан ұйымдастыру жұмысының селкос жүргізілуінде болып тұр. Мәселен, былтырғы жылы, Ақтау гарнизоны әскери прокурорының қадағалау актілері бойынша жауынгерлердің жаппай улануына жол берген командирлердің орынбасарлары мен екі әскери бөлімнің медициналық қызметінің бастықтары жұмыстан босатылды. Бүгінгі таңда аталған деректерге қатысты тексеру амалдары жүргізілуде.

Қазіргі уақытта тұрғын үйдің жетіспеушілік жағдайында, әскери қызметшілердің, әсіресе зейнеткерлікке шыққандар мен жиырма жылдан астам қызмет аткарғандарды пәтермен қамтамасыз ету мәселесі мейлінше маңызды болып отыр. Бұл орайда, прокурорлық тексерулер көрсеткендей, Қорғаныс министрлігі тарапынан қызметтен босатылғандарға тұрғын үйлер беру туралы сот шешімдері ұзақ уақыт бойы орындалмай келген, сондай-ақ, пәтерлерді әділ бөлу талаптары бұзылып, жекелеген адамдарға артықшылық берілген деректер орын алған еді. Ал Бас әскери прокуратураның бұзылған адам құқықтарын қорғау мен құқықтық тіректемелерді қолдану бағытындағы қатаң ұстанымы, әскери мекеменің ісіне жан кіргізіп, пәтерлерді сатып алу мен бөлудегі заңды үдерісті қалпына келтірді.

Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдауында көрсетілгендей, демократиялық қоғам жағдайында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл салада бірқатар лауазымды тұлғалардың өздерінің өкілеттіктерін асыра пайдалану, бюджеттік қаражаттарды тиімсіз жұмсау мен тіпті талан-таражға салу фактілері ашылды. Талан-таражға салу, жеу мен жоғалтудың салдарынан орын алған залалдың жалпы көлемі 760 миллионнан аса теңгені құраған. 60 миллионнан аса теңге көлемінде мемлекет меншігін талан-таражға салған Қорғаныс министрлігінің Сот сараптама орталық лабораториясы бастығының бұрынғы орынбасары Новопашенный мен оның сыбайластары — коммерциялық ұйымдардың басшылары бас бостандықтарынан айырылды. Әскери бөлімдердің бірінің бұрынғы командирі Алпысбаевқа қатысты айыптау үкімі жарияланды, оның қылмыстық әрекетінен мемлекетке 160 миллионнан аса теңге зиян келген. Сол сияқты қызметтік өкілеттігі мен билігін асыра қолданып, мемлекетке 193 миллион теңге көлемінде материалдық шығын келтірген Қорғаныс министрлігінің әскери-медициналық қамтамасыз ету бас басқармасының бұрынғы бастығы Ыдрысов пен оның қоластындағы қызметкер Ахметов ұзақ мерзімге сотталды. Өткен жылы әскери басқару органдарының қабылдаған мыңнан аса заңсыз актілерінің күші жойылып, мемлекет кірісіне 50 миллионнан аса теңге қайтарылды.

Кеңес дәуірінің ядролық мұрасы еліміздің кейбір аумақтарында экологиялық жұтаңдық ошақтары пайда болуына соқтырып отыр. Ластану мен радиациялық сәулелену аймағында әртүрлі полигондар қалып отырғандықтан, бұл мәселе прокуратура органдарының назарын жіті аударуға мәжбүр етті. Жүргізілген тексерулер бұрынғы әскери объектілердің қиын жағдайын, нақтырақ айтсақ, кеңес дәуірінен бері тұрақты органикалық ластағыштарды залалсыздандыру мен радиоактивті ақ-дәрілер мен жарылуға қауіпті нысандарды жою шаралары жүргізілмегендігін анықтады. Осының бәрі шынайы және ауқымды қауіп болғандықтан жергілікті халыққа қатер тудырып отыр. Бұл тексеру қорытындысы Бас әскери прокуратураның алқа мәжілісінде қаралды. Қолданылған шаралар нәтижесінде экологиялық ережелердің бұзылу салдарын жою үшін мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлінді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік шекара, онда жүк тасу көлемінің артуы мен халықтың көші-қон жағдайы шекарашылардың ықтарына өте үлкен жауапкершілік жүктейді. Қазіргі кез тыңшылар түрлі амалдарды пайдаланып, шекараны түн жамылып заңсыз кесіп өтетін уақыт емес. Өйткені, контрабандалық әрекет жасайтындар мен қылмыскерлер шекарадан сырт бейнеси төп-тәуір күйде және барлық құжаттары бар өркениетті жағдайда өтеді, ал өткізуге тыйым салынған жүктерді, есірткі, қару-жарақ, жасырын әдебиеттерді еш зияны жоқ халық тұтынатын тауарлармен бүркемелейді. Бұндай жағдайда, шекарашыларға қазіргі заманға сай техникалық және басқа құралдар көмекке келеді. Бірақ, прокурорлық тексерулердің нәтижесі осы бағытта әлі де болса шешілмей жатқан мәселелердің көптігін, негізінен шекарадан өткізу тұрақтарының инфрақұрылымы әлсіз дамуы мен мемлекеттік шекараның кейбір учаскілерінің мәртебесі құқықтық жолмен толық реттелінбегендігін көрсетті. Қолданыстағы өткізу тұрақтарының бірқатары өткізу қабілеттілігі, техникалық жарақтандырылуы, жайластырылуы деңгейі бойынша халықаралық стандартқа сай келмейді. Олардың кейбірі біртұтас ақпараттық жүйеге қосылмаған. Осының бәрі, түптеп келгенде шекара бұзушыларға заңды белден басуға жағдай туғызатын кемшілік болып табылады.

Анықталған заң бұзушылықтар бойынша Бас әскери прокуратура тарапынан қадағалау актілері енгізіліп, бірқатар мәселелер өз шешімін тапса, ал басқалары қосымша шаралар қолдануды қажет етеді. Қорыта келгенде айтарым, әскери прокуратура органдары қыска уақыттың ішінде Қарулы Күштер жүйесінде нақты құқық қорғаушы болғанын және болашақта да мемлекеттің қырағы көзі деген теңеуге лайықты болып қала беретініне нық сенімдіміз, дейді А.Төлеуханов.